

Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024 оку жылында 1-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оку жылы 1-сыныпта 10 оқушы болды. Оның 5-еуі қыз, 5-еуі ұл. Көп балалы отбасы: Арман Раяна, Алпысбаев Токтар, Серікбай Жанәділ, Серікқызы Альфия, Оразғалиев Мейірбек.

Жартылай жетім Серікқызы Альфия.

Оқушылардың жыл бойғы сабакқа қатысу көрсеткіші:

Қыркүйек	Қазан	Караша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

2023-2024 оку жылындағы тәрбие мазмұнын айқындауда әзірленген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жоспар бойынша ішшаралар еткізілді.

2023-2024 оку жылындығы тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Құндылықтар:

ҰЛТТЫҚ МУДДЕ.

АР-ҰЯТ.

ТАЛАП.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата аナンың өсietін тындауга, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел біrlігін сақтауга отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абырайлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауга баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу
5. Табигатқа, табиги мұрага ұқыптылықпен қарауға және табиги ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Бағыттар	Отілген сыннып сағаттары саны:
Қыркүйек – білім айы.	5

Қазан-Алаш азаматтарын ұлықтау айы	4
Қараша-поэзия айы	4
Желтоқсан-«Қазақстан-ұлы дала елі»	3
Қаңтар-«Ұлттық код» айы	4
Ақпан-окуға құштар айы.	3
Наурыз-Ұлттық салт – дәстүрді дәріптеу айы	3
Сәуір-экологиялық мәдениет айы	5
Мамыр-Бейбітшілік пен татулық айы	3

Білім күнімен құттықтаап ауданымызға белгілі жерлесіміз «Анвар» жеке жауапкершілік серіктестігінің директоры Салфиков Талғат Мұратұлы 1-сынып бүлдіршіндеріне оку құралдары толы сөмке сыйлап өз демеушілігін білдірді.

1 қыркүйек - білім күніне «Мектеп-мейірім мекені» атты сынып сағаты откізілді. «Ұстаз! Сіздің алдыңызда ...» атты тақырыпта ұстаздар күніне сынып сағаты өтті.



Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне, наурыз айында 1- наурыз Алғыс айту күні, 8- наурыз аналар және 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелеріне, 1-мамыр Ынтымақ күніне, 9-мамыр Жеңіс күніне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.



Өткізілген тәрбие сағаттарына оқушылар белсене қатысты.

«Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Ертегі танымның көзі» тақырыбында әжелермен интерактивті сабак үйінде жүргізілді. Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық – тәрбиелік әлеуетін жан –жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету. Әжелеріміз қатысып, өз белсенділіктерін көрсете білді.



8-наурыз мерекесіне орай Жас ұрпакты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін ұлғі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйрету мақсатында 1-2 –сынып оқушыларының әжелерінің арасында «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында сайыс өтілді. Сайыстың арасында оқушылар ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.



Биылғы оку жылында 1- сыныбында жылдықта барлығы төрт ата-аналар жиналышы болды. Онда баяндамалар оқылды, тесттік тапсырмалар орындалды, ойындар ойнатылды, тренингтер сондай-ак ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар комитеті сайланды және окушылардың жалпы сабакқа қатысылудары, оку үлгерімі, тәртібі айтылды. Баланы сабақтан себепсіз қалдырмау, оку үлгерімін үйден де қадагалап отыру керектігі нақтыланды. Жиналыстар өз уақытында өткізіліп, ата-аналарға мектептің ішкі тәртібі жөнінде айтылып, жалпы ата-аналардың оку-тәрбие саласындағы рөл(жауапкершілік, балаға уақыт бөле білу, мұгаліммен бірігіп жұмыс жасау) қаралды.



Қорытындылай келе, осы оку жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанагаттанарлық деңгейде өтті. Келесі жұмыс кезеңінде ата-аналардың жұмысын жандандыру, сынып жұмысын бірлесіп жоспарлау мен жүзеге асыруды жалғыстыру, ондағы ұжымдық қарым-қатынас деңгейін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, окушылардың түлғалық дамуы мен әлеуеттенуіне жағдай жасау үшін ұжымдық шығармашылық белсенділік дағдыларын дамыту қажет.

Сынып жетекшісі: Ш. Азанова